

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF AGRICULTURAL SCIENCES

ISSN 2224-526X

Volume 1, Number 25 (2015), 28 – 31

**BIOLOGICAL FEATURES OF NEW DOMESTIC VARIETIES
OF MELON CULTURE**

Aitbayev T.E., Zhumabek Kh.,

The results of varietal evaluation of melon culture conducted in the department of breeding melons of Kazakh Research Institute of Potato and Vegetable growing are given.

Keywords: melon, variety, phenology, biometry.

ӘОЖ 635.8

**ҚАУЫН DAҚЫЛЫНЫҢ JAҢA OTAHDЫҚ COPTTAPЫНЫҢ БИОЛОГИЯЛЫҚ
EPЕКШЕЛІКТЕРІ**

Айтбаев Т.Е., Жұмабек Х.,

Қазақ картоп және көкөніс ҒЗИ,

Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Алматы қаласы

Аңдатпа Мақалада қауын дақылы бойынша Қазақ картоп және көкөніс шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының көкөніс-бақша селекциясы бөлімінің тәжірибе стационарында жүргізілген қауынның сорттық ерекшеліктерін бағалау нәтижелері келтірілген.

Кілт сөздер: қауын, сорт, фенология, биометрия.

Біздің еліміз аграрлық өндірісті мемлекет болып табылады. Бүгінгі таңда осы ауылшаруашылық саласын дамытуға Үкімет, Ауылшаруашылығы министрлігі басты назарды аударуда. Атап айтқанда, «Агробизнес - 2020» бағдарламасы қабылданып, жүзеге асырылуда. Еліміздің экономикалық және әлеуметтік дамуы мен халқымыздың әл-ауқатын жақсартып, жоғары деңгейге жеткізудің бағдарламасы ауылшаруашылық дақылдарының әр түрінің өнімін көбейтіп, сапасын жақсартуды қарастырады.

Сонымен қатар, мемлекетіміздің ұзақ мерзімге ұсынылған азық-түлік бағдарламасында аграрлық өнеркәсіптік кешендерді жан-жақты дамытып, көкөніс шаруашылығын индустрияландырудың негізінде еңбек өнімділігін арттыруға баса назар аударылып отыр.

Осы орайда көкөніс-бақша дақылдарының жаңа сорттары мен озық технологияларын қолдану аса маңызды.

Бүгінгі таңда Қазақстанда көкөніс-бақша дақылдарының отандық сорттары көптеп шығарылып жатыр. Қазақ картоп және көкөніс шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының ғалымдары 200-ден аса картоп және көкөніс-бақша сорттарын сұрыптап шығарды. Олардың ішінде 30-ға жуық қауын сорттары бар. Ал осы 200-ден аса жаңа селекциялық жетістіктердің ішінде 130-ға жуық жаңа сорт пен будан елімізде ресми аудандастырылып, 40-қа жуық жаңа сорт Мемлекеттік сортсынақтан өтуде. Бұл мақалада қауынның отандық жаңа сорттары жайында баяндалады.

Қауын - кең тараған, үлкен сұранысқа ие, дәмдік - қоректік құндылығы жоғары, дәрумендерге, минералды тұздарға бай, аса маңызды дақыл. Жас және қақталған күйінде пайдаланылады, жас түйнектерін қияр сияқты маринадтауға, тұздауға болады. Қауын жылуға, топырақ және ауа

дымқылдығына, күн сәулесіне, қоректік элементтерге талабы бойынша қарбызға жақын бағалы бақша дақылы болып табылады.

1-кесте - Қауынның жаңа отандық сортүлгілерінің фенологиялық көрсеткіштері

Сорттар	Алғашқы өскіннің шығуы		Аталық, аналық гүлдердің ашылуы				Жемістердің пісуі		Қауын жемісін жинау					
	Аталық	Аналық	Аталық		Аналық		10%	75%	Аталық		Аналық	Алғашқы жинау	Соңғы жинау	
			10%	75%	10%	75%			10%	75%				
			10%	75%	10%	75%			10%	75%				
Илийская	26.05	30.06	25.06	27.06	01.07	04.07	08.08	12.08	31	27	35	34	69	80
Алтыночка	26.05	29.05	25.06	27.06	01.07	04.07	08.08	12.08	29	28	35	35	68	79
Шекер	26.05	30.06	26.06	28.06	01.07	04.07	08.08	12.08	32	28	35	34	69	80
Прима	26.05	30.06	25.06	27.06	01.07	04.07	12.08	17.08	31	27	35	33	73	84
Сырдарья	23.05	26.05	25.06	27.06	30.06	03.07	08.08	12.08	31	31	34	33	65	76
Алена	26.05	30.06	25.06	28.06	01.07	04.07	12.08	17.08	31	28	35	34	73	84
Майская	26.05	01.06	25.06	29.06	01.07	04.07	12.08	23.08	31	29	34	34	73	84
Шұғыла	26.05	30.06	25.06	27.06	30.06	03.07	12.08	23.08	31	27	34	34	73	84
Чемпионка	26.05	30.06	25.06	29.06	01.07	04.07	17.08	23.08	31	29	35	36	78	89
Таисия	24.05	26.06	23.06	25.06	30.06	02.07	09.08	24.08	29	26	33	32	60	75

Қазақстанда бақша дақылдарының егістік көлемі соңғы жылдары 45 мың гектардан 80 мың гектарға дейін, яғни 2 есеге жуық өсті. Жыл сайын қауынға деген сұраныс артуда. Бұл дақылдың экспорттық әлеуеттілігі жоғары. Сол себепті қауынның өнімділігі мен сапалық көрсеткіштерін, сақтауға және тасымалдауға жарамдылығын арттыру қажет. Әзірге қауынның өнімділік деңгейі

2-кесте - Қауынның отандық сортталғандық сортуларының биометриялық көрсеткіштері

Қауын сорттары	Жалпы сабақтардың ұзындығы, см	Негізгі сабақтың ұзындығы, см	Сабақ жүйесі (дана)			Жапырақ сабағы (см)		Жапырақ морфологиясы			Жапырақ ұзындығы (см)
			I қатардағы сабақ	II қатардағы сабақ	III қатардағы сабақ	Негізгі	Бірінші	Жапырақ шегі	Жапырақ пішіні	Жапырақ тігшелері	
Илийская	91,91, 73,94	90	4	2	-	5,5	6,5	Ойылмалы	Жүрек тәрізді	Тісті	9
Алтыночка	90,89, 72,93	94	5	2	-	7	5	Өте ойықты	Бүршік тәрізді	Тісті	9
Шекер	77,92, 83,40	72	3	2	-	5	5	Өте ойықты	Домалақ	Тіссіз	9
Прима	83,66, 30	84	4	1	-	5,8	7	Ойылмалы	Бүршік тәрізді	Тісті	10
Сырдарья	98,96, 88,89	101	4	3	-	7	7	Ойылмалы	Бүршік тәрізді	Тісті	10
Алена	83,80, 79,60	92	4	2	-	6	7	Ойылмалы	Бүршік тәрізді	Тісті	9
Майская	90,93, 97,92	101	3	2	-	6,6	6,8	Өте ойықты	Бүршік тәрізді	Тісті	10,5
Шұғыла	67,91, 97	856	4	1	-	5	5	Ойылмалы	Жүрек тәрізді	Тісті	9
Чемпионка	90,98, 80,791	106	5	2	-	5,5	7	Ойылмалы	Жүрек тәрізді	Тісті	10
Таисия	101,99, 100,87	92,	4	3	-	6,3	6,5	Өте ойықты	Домалақ	Тісті	10,5

төмен болып табылады. Республика бойынша ол орта есеппен 15 т/га деңгейінде. Өнімнің сапасы мен сақталғыштығы да жақсартуды талап етеді. Осы орайда қауынның өнімділігі жоғары, биохимиялық құрамы үздік, тасымалдауға жарамдылығы жақсы, сонымен қатар қайта өңдеуге жарамды жана сорттарын сұрыптап, өндіріске ұсынудың маңызы өте зор.

Қазіргі кезде (2014 жылға) біздің елімізде қауынның 17 сорты ресми аудандастырылған, олардың ішінде отандық сорттардың үлесі 58% құрайды (10 сорт - Прима, Таисия, Майская, Алена, Алтыночка, Илийская, Сырдарья, Чемпионка, Шекер, Шұғыла). Бұл әлі де болса жеткіліксіз. Оның үстіне осы қолданысқа рұқсат етілген (аудандастырылған) сорттардың 30% жуығы бұрынғы, ескі

сорттар (20 жыл және одан жоғары). Сондықтан сорт алмастыру жұмыстарының қажеттілігі туындап отыр. Тағы бір аса маңызды мәселе - жаңадан сұрыпталған және сұрыпталатын қауын сорттарының сорттық агротехнологияларын әзірлеу. Онсыз жаңа сорттар өздерінің тектік-биологиялық әлеуеттілігін толығымен көрсете алмайды. Жоғарыда аталған мәселелер біздің зерттеулеріміздің өзектілігін айқындайды.

Ғылыми-зерттеу жұмыстары Қазақ картоп және көкөніс шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының көкөніс-бақша селекциясы бөлімінің тәжірибе стационарында жүргізілді. Топырақ түрі - күнгірт қарақоңыр, механикалық құрамы бойынша орта сазды, қарашірікті мөлшері 3,0%, топырақ ерітіндісінің реакциясы әлсіз сілтілі (рН 7,3), топырақтың көлемдік массасы 1,1-1,2 г/см³.

Біздің зерттеулеріміздің нәтижелері қауын дақылының жаңа отандық сорттарының биологиялық ерекшеліктері бір-бірінен біршама өзгеше болатынын көрсетті.

Тәжірибеде қауынның сорттық ерекшеліктерін бағалау мақсатында фенологиялық байқаулар мен биометриялық өлшемдер жүргізілді (1-2 кесте).

Қауын сорттарының фенологиясына қысқаша сипаттама төменгі мәтінде келтірілді. Қауын тұқымы егістікке мамыр айының 13-күні себілді. Мамырдың 23-күні алғашқы өскіндер шыға бастады, мұнда алдымен Сырдарья сорты, содан кейін 26-күні басқа сорттардың өскіндері (10%) жер бетіне қылтиып шыға бастады. Жалпы өну (75%) Илийская, Сырдарья, Шұғыла сорттарында байқалды, ал қалған сорттар осыдан кейін, бірнеше күннен кейін жалпы өніп, шыға бастады. Маусымның 25-күні аталық гүлдердің 10% пайызы гүл ашты, мұнда Алтыночка, Прима, Майская ерте гүл ашты, маусымның 28-де 75% аталық гүл ашты. Ал маусымның 30-да аналық гүлдер гүл аша бастады. Мұнда 10% ерте гүл ашып, ерекшеленген Сырдарья және Прима сорттары болды. Ал 75% аналық гүл ашып көзге түскендер Илийская, Прима және Сырдарья сорттары болды. Қалған сорттарда аналық гүлдер біртіндеп ашыла бастады. Биыл (2014 ж.) ауа температурасы қауынның өсуіне қолайлы болғандықтан ағашқы қауындар тамыздың 8-күніне қарай пісе бастады. Алтыночка, Сырдарья және Илийская сорттары ерте пісе бастады, ал осыдан кейін басқа қауын сорттарының жемістері де пісе бастады. Жалпы көрсеткіштер бойынша Сырдарья, Алтыночка және Таисия сорттары алда болды.

Қауынның жаңа сорттары биометриялық өлшемдер бойынша бір-бірінен айтарлықтай ерекшеленді.

Жалпы сабақтарының ұзындығын өлшегенде, ең қысқасы 30 см, ал ең ұзыны 110 см дейін болды. Мұнда ең қысқа сабақ Прима сортында, ал ең ұзын сабақ Чемпионка сортында болды. Сабақ жүйесіне келетін болсақ, I қатардағы және II қатардағы сабақтар барлық сорттарда болды, ал III қатардағы сабақ ешқайсында кездеспеді.

Жапырақ шеттеріне келетін болсақ, көп сорттардың жапырақтарының шеттері ойылмалы, ал азсандылары өте ойықты болды. Мұндай жапырақтар Таисия және Алена сорттарында кездесті. Жапырақ пішініне келетін болсақ, көп сорттардың жапырақтары бүршік тәрізді болып келсе, кейбір сорттарда жүрек тәрізді болды. Жапырақ тішшелеріне назар аударсақ, көбісі тісті болып келеді, тек Алена сортының жапырағы ғана тіссіз тегіс болып келеді. Майская, Таисия және Сырдарьялардың жапырақтары ең кең, ал қалғандары негізінен бірдей болып келеді.

Қорыта келгенде, қауынның аудандастырылған және жаңадан сұрыпталған жаңа отандық сорттары бір-бірінен морфологиялық және биологиялық ерекшеліктері бойынша біршама өзгеше болып келеді. Қауынның сорттық ерекшеліктерін селекциялық жұмыстарда және өндірісте қолданғанда ескеру қажет.

БИОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ НОВЫХ ОТЕЧЕСТВЕННЫХ СОРТОВ КУЛЬТУРЫ ДЫНИ

Айтбаев Т.Е., Жумабек Х.,

В статье приведены результаты сортовой оценки культуры дыни, проведенные в отделе селекции овощебахчевых культур Казахского научно-исследовательского института картофелеводства и овощеводства.

Поступила 15.01.2015